«ZIATKER TURAN» ЖШС 2025-2026 оқу жылындағы

9-сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспарына анықтама

Мақсаты

2025-2026 оқу жылында 9-сынып оқушыларының бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, отбасына, Отанға, қоғамға деген жауапкершілігін арттыру, еңбеккорлыққа, адалдыққа, адамгершілікке, өзара сыйластыққа тәрбиелеу, сонымен қатар құқықтық және цифрлық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында жүйелі тәрбие жұмыстары жүргізілді.

Негізгі міндеттері

- оқушылардың отбасылық құндылықтарға құрметін арттыру;
- еңбекке жауапкершілікпен қарауға және кәсіби бағдарлануға бағыттау;
- ұлттық құндылықтар мен патриоттық сезімді қалыптастыру;
- адалдық, әділдік және жауапкершілік қасиеттерін дамыту;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу;
- құқықтық сауаттылықты арттыру;
- қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру;
- салауатты өмір салтын насихаттау;
- оқушылардың шығармашылық және көшбасшылық қабілеттерін дамыту;
- ата-анамен ынтымақтастықты нығайту.

Жыл бойы атқарылған жұмыстар

2025-2026 оқу жылында 9-сыныптарда сынып сағаттары айлық тәрбие бағыттарына сәйкес жүйелі түрде ұйымдастырылды. Барлығы 33 тақырыптық сынып сағаты жоспарланып, оқу жылының тәрбие жұмысы мазмұнына сәйкес өткізілді.

Қыркүйек - еңбеккорлық және кәсіби біліктілік айы

Оқу жылының алғашқы айында оқушылардың мектепке бейімделуі, отбасылық құндылықтар, өзара түсіністік, достық және еңбеккорлық мәселелеріне басымдық берілді.
«Отбасындағы өзара түсіністік», «Позитивті ойлау өміршеңдіктің көзі», «Еңбек түбі береке», «Қарттың сөзі ақылдың көзі» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.
Сонымен қатар оқушыларға қауіпсіздік ережелері түсіндіріліп, Қазақстандағы сенім телефондары мен жедел қызметтердің нөмірлері, серуендеу кезіндегі қауіптер, жанжалды шешу жолдары туралы ақпарат берілді.

Қазан - тәуелсіздік және отаншылдық айы

Қазан айында оқушылардың туған жерге, елге деген сүйіспеншілігін арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.
«Даналық ұстаздан», Абай Құнанбайұлының 180 жылдығына арналған тәрбие сағаты, «Тарихы сырлы, ертеңі нұрлы ғажап ел!» тақырыптары қамтылды.
25 қазан - Республика күніне орай оқушылардың Қазақстан тарихы, мемлекеттік рәміздер, ел тәуелсіздігі мен азаматтық жауапкершілік туралы білімдері толықтырылды.

Қараша - әділдік және жауапкершілік айы

Қараша айында оқушылардың құқықтық сауаттылығын, әділдік пен жауапкершілік сезімін қалыптастыруға көңіл бөлінді.
Мәлік Ғабдуллиннің 110 жылдығына арналған тәрбие жұмысы, «Ұлттық теңге Тәуелсіздігіміздің нышаны», «Құрдастар арасындағы қатынас мәдениеті», Міржақып Дулатовтың 140 жылдығына арналған іс-шаралар өткізілді.
«ДОСБОЛЛКЕ» жобасы аясында буллингтің алдын алу, құрдастар арасындағы дұрыс қарым-қатынас және қауіпсіз орта қалыптастыру мәселелері қарастырылды.

Желтоқсан - бірлік және ынтымақ айы

Желтоқсан айында бірлік, ынтымақ, отансүйгіштік және еріктілік құндылықтарына назар аударылды.
«Ерікті болу ерлікпен тең», «Қауіпсіз орта біздің таңдауымыз», «Жетістігімді еліме арнаймын» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылды.
Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне байланысты оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізілді.
Бауыржан Момышұлының туғанына 115 жыл толуына орай батырдың өмірі мен өнегелі жолы таныстырылды.

Қаңтар - заң және тәртіп айы

Қаңтар айында құқықтық тәрбие мен адалдық мәселелері басты назарда болды.
«Адал азамат Адал еңбек - Адал табыс», «Кибербуллингке қарсы мәдениет қалыптастыру», «Арам мен адал, обал мен сауап ұлтымыздың ұстанымы» тақырыптары бойынша тәрбие сағаттары өткізілді.

Оқушылардың құқықтық жауапкершілігі, дұрыс шешім қабылдау, кибербуллингтен қорғану және адал еңбек құндылықтары талқыланды.

Ақпан - жасампаздық және жаңашылдық айы

Ақпан айында оқушылардың шығармашылық қабілетін, жаңашыл ойлауын және цифрлық сауаттылығын дамытуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.
Дүниежүзілік қауіпсіз интернет күніне орай «Цифрлық әлемде қауіпсіз қадам» тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды.
Сонымен қатар «Креативтілік заманауи тұлғаның қасиеті», «Имандылық адамгершілік пен ізгіліктің тірегі», «Құқықтық тәртіп және әлеуметтік жауапкершілік» тақырыптары қарастырылды.

Наурыз - тәуелсіздік және отаншылдық айы

Наурыз айында ұлттық құндылықтарды дәріптеу, отбасына құрмет, алғыс айту және ұлттық дәстүрлерді насихаттау жұмыстары жүргізілді.
«Алғыс - ізгі ниет», «Ана махаббаты - шексіз әлем», «Наурыз жыл басы» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.
Наурыз мерекесіне байланысты оқушыларға қазақ халқының салт-дәстүрлері, ұлттық ойындары, ұлттық тағамдары мен мәдени мұрасы туралы ақпарат берілді.

Сәуір - еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

Сәуір айында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, денсаулықты сақтау, еңбекқорлық және кәсіби бағдар беру бағыттары қамтылды.
«Кітап тәрбие құралы», «Өмірге салауатты қадам», «Еңбекқорлық табыстың бастауы», «Мамандық таңдау болашақты таңдау», «Ынтымақ достық көпірі» тақырыптарында сынып сағаттары ұйымдастырылды.
9-сынып оқушылары үшін кәсіби бағдар беру жұмыстарының маңызы ерекше болды. Оқушылар өз қызығушылықтары мен қабілеттерін саралап, болашақ мамандық таңдауға қатысты пікір алмасты.

Мамыр - бірлік және ынтымақ айы

Оқу жылының соңғы айында Отанды қорғау, отбасы, бірлік, достық, білім және азаматтық жауапкершілік мәселелері қамтылды.
«Елді қорғау ерге сын», «Атадан өсиет, анадан қасиет», «Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!», «Білімім Отаныма!» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді.
Ата-аналармен бірлескен «Атадан өсиет, анадан қасиет» атты шеберлік сағаты ұйымдастырылып, ата-ана мен бала арасындағы өзара түсіністік пен тәрбиелік байланысты нығайтуға бағытталған жұмыстар жүргізілді.

Қауіпсіздік бағытындағы жұмыстар

Жыл бойы сынып сағаттарымен қатар 10 минуттық қауіпсіздік сабақтары тұрақты түрде өткізілді.
Оқушыларға:

- жедел қызметтер мен сенім телефондары;
- серуендеу кезіндегі қауіпсіздік;
- жанжалды бейбіт жолмен шешу;
- буллинг және кибербуллингтен қорғану;
- интернеттегі қауіпсіздік;
- фейк ақпарат пен шынайы ақпаратты ажырату;
- жеке қауіпсіздік;
- құқықтық жауапкершілік;
- жасөспірімдердің еңбек қатынастары;
- өз шекарасын қорғау және қажет жағдайда «жоқ» деп айта білу

туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

«ДОСБОЛЫҚ» жобасы бойынша

Оқушылар арасында достық қарым-қатынасты қалыптастыру, буллингтің алдын алу және психологиялық тұрғыдан қауіпсіз орта құру мақсатында «ДОСБОЛЫҚ» жобасы бойынша бірнеше іс-шара өткізілді.
Атап айтқанда:

- «Позитивті ойлау өміршеңдіктің көзі»;
- «Құрдастар арасындағы қатынас мәдениеті»;
- «Қауіпсіз орта біздің таңдауымыз»;
- «Кибербуллингке қарсы мәдениет қалыптастыру»;
- «Өзіне сену: мен істей аламын, сен істей аласың, біз жасай аламыз!»

тақырыптары қарастырылды.
Оқушыларға бір-бірін құрметтеу, өзара қолдау көрсету, келіспеушілікті өркениетті түрде шешу және буллинг жағдайында көмек сұраудың маңызы түсіндірілді.

«Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша

Жоба аясында еңбеккорлық, адал еңбек, жауапкершілік және кәсіби бағдар мәселелері қамтылды.
Оқушыларға еңбектің адам өміріндегі маңызы, адал еңбектің нәтижесі, мамандықты саналы түрде таңдау және болашаққа мақсат қою туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналармен жұмыс

Оқу жылы барысында ата-аналармен ынтымақтастыққа да көңіл бөлінді. Ата-аналардың бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру, жасөспірімдердің жас ерекшеліктеріне байланысты мәселелерді талқылау және мектеп пен отбасы арасындағы байланысты нығайту бағытында жұмыстар жүргізілді.
«Ата-ананың сенімі мен үшін маңызды» тақырыбындағы қауіпсіздік сабақтары арқылы оқушылардың ата-анамен ашық қарым-қатынас орнатуының маңыздылығы түсіндірілді.

Қорытынды

2025-2026 оқу жылында 9-сыныптарда тәрбие жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктері ескерілді. Сынып сағаттары барысында отбасылық, ұлттық, патриоттық, құқықтық, еңбек, адамгершілік, экологиялық, мәдени және цифрлық қауіпсіздік бағыттары қамтылды.
Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде оқушылардың:

- өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруына;
- жауапкершілік сезімін арттыруына;
- ұлттық және отбасылық құндылықтарды құрметтеуіне;
- құқықтық сауаттылығын арттыруына;
- қауіпсіздік ережелерін білуіне;
- буллинг пен кибербуллингтің алдын алу жолдарын түсінуіне;
- еңбек пен мамандық таңдаудың маңызын ұғынуына;
- шығармашылық және азаматтық белсенділігін дамытуына

жағдай жасалды.
Жыл бойындағы тәрбие жұмыстары оқушылардың тұлғалық дамуына, өз пікірін еркін білдіруіне, жауапты шешім қабылдауына және мектеп ұжымында жағымды психологиялық ахуал қалыптастыруға бағытталды.
Жалпы қорытынды: 9-сыныптардағы тәрбие жұмысы оқу жылына арналған жоспарға сәйкес жүйелі түрде жүзеге асырылды. Алдағы оқу жылында оқушылардың кәсіби бағдарын, құқықтық сауаттылығын, цифрлық қауіпсіздігін, көшбасшылық және әлеуметтік жауапкершілік дағдыларын дамыту бағытындағы жұмыстарды жалғастыру ұсынылады.
Сынып жетекші әдістеме бірлестік жетекшісі: Г.Омархан

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: М.А.Жадикова